




ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫ КЛИМАТЫНЫҢ 2026 ЖЫЛҒЫ ТАМЫЗ АЙЫНЫҢ ЭКСПРЕСС-МОНИТОРИНГІ

*Қазақстан аумағындағы орташа айлық ауа температурасы және
атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аномалиялары*

Бюллетень мемлекеттік органдарды, салалық ұйымдарды, ғылыми қауымдастықты және басқа да мүдделі пайдаланушыларды Қазақстан аумағындағы қазіргі климаттық жағдайлар туралы жедел ақпараттандыруға арналған.

ӨЗЕКТІ АҚПАРАТ

- 2026 жылдың тамыздағы ауаның орташа айлық температурасы **климаттық нормадан 1,82 °C-қа жоғары болды**
- Жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан төмен болып, **3,21 мм құрады**



1-сурет – 1941–2026 жж. кезеңінде Қазақстан аумағы бойынша тамыз айының орташа ауа температурасы (а) (°C) пен атмосфералық жауын-шашын мөлшері (б) (мм) аномалияларының уақыттық қатарлары. Аномалиялар 1991–2020 жж. базалық кезеңіне қатысты есептелді

АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ


Ауа температурасының тамыз айындағы аномалияларының уақыттық қатарын талдау соңғы он жыл ішінде климаттық нормадан оң ауытқулардың тұрақты түрде басым болғанын көрсетеді (1а-сурет). 2026 жылғы тамызда ауаның орташа температурасы климаттық нормадан 1,82 °С-қа жоғары болып, көпжылдық бақылаулар қатарында 3-рангқа иеленді. Бақылаудың барлық кезеңіндегі ең жылы тамыз 2021 жылы тіркеліп, 1-рангқа ие болды.

Тамыз айында Қазақстан аумағының басым бөлігінде ауаның орташа айлық температурасының климаттық нормадан оң аномалиялары байқалды (2-сурет). Ең елеулі

оң ауытқулар, 2,6–3,8 °С-қа дейін жетіп, негізінен елдің оңтүстік, оңтүстік-шығыс және шығыс өңірлерінде тіркелді.

103 метеорологиялық станцияда ауаның орташа айлық температурасы «өте жылы» санатына сәйкес келді. Бұл санат температураның климаттық нормадан аспау ықтималдығы 95–100 % аралығында болуымен сипатталады (1-кесте).

Температураның теріс аномалиялары Шыңғырлау метеостанциясында (Батыс Қазақстан облысы) — −0,3 °С, Аршалы зсвх метеостанциясында (Қостанай облысы) — −0,3 °С және Мәртөк метеостанциясында (Ақтөбе облысы) — −0,1 °С деңгейінде тіркелді.



2 – сурет. 1991–2020 жылдардағы кезеңге қатысты есептелген 2026 жылғы тамыздың орташа айлық ауа температурасы (°С) аномалияларының кеңістіктік таралуы және 1941–2026 жылдардағы кезеңге сәйкес есептелген ауа температурасының аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы

1 кесте. 2026 жылғы тамыз айындағы ауа температурасының орташа айлық рекордтық мәндері.

№	Метеостанция	Облыс	Ауаның орташа айлық температурасының жаңа максимумы, °С	Ауаның орташа айлық температурасының алдыңғы рекорды, °С
1	Айдарлы	Алматы	27,6	27,2 (2024 ж.)
2	Ақсенгір		25,5	25,4 (2024 ж.)
3	Алматы кам.пл.		23,4	23,1 (1984 ж.)
4	Алматы ОГМС		26,4	25,6 (2024 ж.)
5	Есік		24,9	24,1 (2024 ж.)
6	Кеген		17,4	17,1 (1984 ж.)
7	Құйған		26,3	25,9 (1998 ж.)

8	Шелек	Жетісу	27,1	26,3 (2024 ж.)
9	Ұзынағаш		24,4	23,5 (2024 ж.)
10	Алакөл		26,0	25,8 (2024 ж.)
11	Жаркент		25,5	24,8 (2002 ж.)
12	Қапшағай		26,9	26,2 (1984 ж.)
13	Лепсі		18,8	18,2 (1983 ж.)
14	Матай		26,2	26,1 (2024 ж.)
15	Сарыөзек		23,9	23,3 (2024 ж.)
16	Үшарал		25,9	25,2 (2024 ж.)
17	Үштөбе		25,0	24,5 (2024 ж.)
18	Жаланашкөл	Абай	27,6	26,8 (2024 ж.)
19	Бакты		24,8	24,4 (2024 ж.)
20	Ұржар	Түркістан	23,8	23,1 (2024 ж.)
21	Қазығұрт		28,2	27,4 (2012 ж.)
22	Түркістан		29,6	29,4 (2010 ж.)
23	Тасты		27,8	27,3 (2021 ж.)
24	Шардара		30,0	29,0 (1999 ж.)
25	Шолақ қорған		27,4	27,0 (2000 ж.)
26	Шымкент		28,3	28,2 (1984 ж.)
27	Қзылжар	Ұлытау	24,1	24,0 (2014 ж.)
28	Қордай	Жамбыл	24,2	24,0 (1984 ж.)
29	Құлан		25,9	25,3 (2024 ж.)
30	Мойынқұм		26,4	26,0 (1999 ж.)
31	Тараз		26,2	25,7 (1984 ж.)
32	Төле би		27,7	25,8 (2024 ж.)
33	Ұюқ		27,5	27,0 (1999 ж.)
34	Хантау		28,3	28,2 (1998 ж.)
35	Чығанақ		26,9	26,3 (1998 ж.)
36	Шокпар		27,2	26,5 (2024 ж.)
37	Сарышаған	Қарағанды	25,6	25,1 (1998 ж.)
38	Теректы	Шығыс-Қазақстан	22,9	22,6 (2019 ж.)
39	Усть-Каменогорск		21,5	21,4 (2024 ж.)
40	Қызылорда	Қызылорда	28,8	28,5 (2021 ж.)
41	Шиели		27,7	27,2 (2021 ж.)

АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫН

2026 жылғы тамызда жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан 3,21 мм-ге төмен болды (16-сурет).

Тамыз айындағы жауын-шашын мөлшері аномалияларының уақыттық қатарын талдау жылдар бойынша айтарлықтай өзгергіштікті көрсетеді. Қарастырылып отырған кезеңде өзгерістердің айқын тұрақты бағыты байқалмайды. 2026 жылғы тамызда жауын-шашын мөлшері климаттық нормадан 3,21 мм-ге төмен тіркелді.

Тамыз айында ел аумағының басым бөлігінде жауын-шашынның айтарлықтай тапшылығы байқалды (3-сурет).

Қазақстанның батыс, солтүстік-батыс, оңтүстік және орталық өңірлерінің бірқатар аудандарында түскен жауын-шашын мөлшері климаттық норманың 30 %-ынан аспады, ал кей жерлерде 10 %-дан да төмен болды. Осы көрсеткіш бойынша 2026 жылғы тамыз аталған өңірлерде қарастырылып отырған кезеңдегі ең құрғақ тамыз айларының 5 %-ына кірді.


Батыс Қазақстан, Атырау, Маңғыстау, Ақтөбе, Қостанай, Қызылорда, Түркістан және Жамбыл облыстарының, сондай-ақ Ұлытау және Жетісу облыстарының жекелеген метеостанцияларында тамыз айы бойы жауын-шашын мүлде тіркелмеді.

Жалпы, 34 метеостанцияда тамыз айы бойы жауын-шашын мүлде тіркелмеді. Бұл ретте аталған станциялардың барлығында қарастырылып отырған кезең ішінде тамыз айында жауын-шашынның толық болмау жағдайлары бұған дейін де байқалған.

Жауын-шашын мөлшерінің климаттық норманың 120 %-дан жоғары мәндері Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде жекелеген аумақтарда байқалды. Жауын-шашынның ең елеулі оң аномалиялары Павлодар және

Ақмола облыстарының жекелеген аудандарында тіркелді. Мұнда айлық жауын-шашын мөлшері сәйкесінше климаттық норманың 272 және 321 %-ына дейін жетті.

Екібастұз, Ертіс және Жақсы метеостанцияларында айлық жауын-шашын мөлшері «өте ылғалды» санатына сәйкес келді, бұл көрсеткіштің климаттық нормадан аспау ықтималдығы 95–100 % аралығында болғанын көрсетеді.



3-сурет. 2026 жылғы тамыздағы атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің (1991–2020 жж. кезеңге есептелген норма % бойынша) және атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аспау ықтималдығының кеңістіктік таралуы (1941–2026 жж. кезеңі)

«Қазгидромет» РМК Ғылыми-зерттеу орталығының Климатты зерттеу бөлімімен дайындалды (Астана қ.).

Орындаушылар:

С. Сагиев – F3O КЗБ жетекші ғылыми қызметкері
Е. Аманулла – F3O КЗБ жетекші ғылыми қызметкері